

**Г.Т. Андыбаева<sup>1</sup>**

Нархоз университеті,  
Алматы қ., Қазақстан  
E-mail: GAT71@mail.ru

## **АГРОНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН ҰЙЫМДАРЫНДА ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары жұмысының нәтижелері өндіріс жағдайына едәуір тәуелді болады. Сондықтан экономикалық талдауды табиғи-экономикалық жағдайларды, өндірістік бағыттың мөлшерін, өндірістің интенсификация деңгейі мен оның тиімділігін зерделеуден бастайды. Тек қана нақты жағдайларды есепке ала отырып кәсіпорын қызметінің нәтижелерін объективті бағалауға және оның ары қарай даму жолдарын анықтауға болады. Өндіріс жағдайын үш топқа бөлуге болады: табиғи-климаттық, шаруашылықтың орналасқан жері, өндірістің экономикалық жағдайы. Осы топтардың әрбіреуі сәйкесінше көрсеткіштер жүйесімен сипатталады.

Мақалада ауыл шаруашылығы ұйымдары қызметін экономикалық талдаудың ерекшеліктері екі топқа бөлініп, әрбір топқа енетін ерекшеліктер нақты көрсетілген. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы жұмыстарының нәтижелерін талдауда қолданылатын әдістер мен тәсілдер, өндірісті интенсификация деңгейін зерделеу көрсеткіштері анықталған.

**Түйін сөздер:** агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындары қызметін талдау, табиғи-климаттық, ауыл шаруашылығы өнімдері, интенсификация, нарықтық-конъюнктуралық.

G.T. Andybaeva

### **Features of the analysis of economic activity in the organizations of agro-industrial complex**

Results of work of the entities of agricultural industry considerably depends on a production condition. Therefore the economic analysis begins with studying of climatic conditions, the size of a production orientation, level of intensifications of production and its efficiency. Only taking into account specific circumstances it is possible to estimate objectively results of activities of the entity and to determine its ways of further development. Conditions of production can be divided into three groups: climatic conditions, economy location, economic situation of production. Each of these groups is characterized by the corresponding system of indicators.

In article features of the economic analysis of activities of agricultural organizations and each feature which enters into group are divided into two groups it is specifically shown. At the same time the acceptances and methods applied in the analysis of results of works of agricultural industry, indicators of studying of level of an intensification of production are determined.

**Key words:** analysis of activities of the entities of agro-industrial complex, climatic, agricultural products, intensification, market and tactical.

Г.Т. Андыбаева

### **Особенности анализа хозяйственной деятельности в организациях агропромышленного комплекса**

Результаты работы предприятий сельского хозяйства значительно зависят от состояния производства. Поэтому экономический анализ начинается с изучения природно-климатических условий, размера производственной направленности, уровня интенсификаций производства и его эффективности. Только с учетом конкретных обстоятельств можно объективно оценить результаты деятельности предприятия и определить пути дальнейшего развития. Условия произ-

водства можно разделить на три группы: природно-климатические состояния, место нахождения хозяйства, экономическое положение производства. Каждая из этих групп характеризуется соответствующей системой показателей.

В статье на две группы разделены особенности экономического анализа деятельности сельскохозяйственных организаций и каждая особенность, которая входит в группу, конкретно показана. Вместе с тем определены приемы и методы, применяемые при анализе результатов работ сельского хозяйства, показатели изучения уровня интенсификации производства.

**Ключевые слова:** анализ деятельности предприятий агропромышленного комплекса, природно-климатические, сельскохозяйственные продукты, интенсификация, рыночно-конъюнктурные.

## Кіріспе

Реформа жылдарында ауыл шаруашылығы өндірістік қызметі қаржылық нәтижелері едәуір нашарлады, саланың табыстылығы төмендеді. Ауылшаруашылық өндірушілерінде меншік қаражаттарының тапшылығы жағдайында ауыл шаруашылығын бюджеттік қолдаудың қысқаруы өндірістік әлуеттің, ауыл шаруашылығы өндірісінің техникалық жарактандырудың төмендеуіне, соның салдарынан өнімділіктің де төмендеуіне әкеп соқты.

Ауыл шаруашылығының экономиканың маңызды саласы екенін ескерсек, онда агро-өнеркәсіптік саясат оны жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті етуге, мемлекетті ауыл шаруашылығы өнімдерімен сенімді қамтамасыз етуге, оның сапасын жоғарылатуға бағытталуы керек.

Осы міндеттерді шешуде үлкен ролді кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау алады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының шаруашылық қызметін экономикалық талдау әдістемесі бизнес-жоспарлар мен басқару шешімдерін негіздеуге, олардың орындалуына жүйелік бақылау жасауға, шаруашылық қызмет нәтижелеріне әсер ететін факторларды зерделеуге, өндіріс тиімділігін жоғарлату мүмкіндігін пайдалану бойынша кәсіпорын қызметін бағалауға бағытталған.

**Негізгі бөлім.** Агроөнеркәсіп кешенінің шаруашылық қызметін экономикалық талдау өзінің мазмұны бойынша ұлттық экономиканың басқа салаларын экономикалық талдаудан ерекшеленбейді, бірақ оны жүргізу әдістемесінде осы саланың өндірісіне байланысты аздаған айырмашылықтары бар.

Жалпы ауылшаруашылығы өндірісі салалық ерекшеліктері жиынтығын екі үлкен топқа біріктіруге болады.

Объективті, яғни әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тәуелді емес, онда ауыл шаруашылығы өзінің саласына байланысты жұмыс істейді.

Қалыптасқан нарықтық қатынастың конъюктурасы мен тұтас экономика жағдайында

туындаған отандық экономикаға тән нарықтық-конъюктуралық.

Объективті факторлар – бұл ауыл шаруашылығына тән және басқа салалардан оның өзгешелігін көрсететін факторлар. Ұйымның қаржы-шаруашылық жағдайын талдаған кезде осы факторлардың әсерін есепке алу керек, ол талдаудың нәтижелерін дұрыс бағалауға және тиімді басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Объективті факторларға мыналарды жатқызуға болады:

– Климаттық жағдай. Климаттық жағдайды реттеу мүмкін болмағандықтан ауыл шаруашылығы қоғамдық өндірістің тұрақсыз және тәуекелі жоғары саласы болып табылады, сондықтан инвесторларды тартудың және басқа саладан капиталды құюды қиындатады. Өндірістік қызмет нәтижелеріне табиғи-климаттық факторлармен бірге (құрғақшылық, бұршақ, жанбыр, су басу және т.б.) дүлей зілзалалар (құйындар, дауыл, жылжымалар және т.б.) факторлар әсер етеді, сол себепті ұйымдарды орташа есеппен 3-5 жыл аралығында салыстыру қажеттілігі туындайды. Жоғарыда аталған себептерге байланысты өнімді сақтандыру керек, ал ол болса субъектінің шығындарын көбейтеді.

– Өндірістің маусымдылығы. Ауыл шаруашылығы үшін өндірістің маусымдылығы тән. Осыған байланысты жыл ішінде еңбек ресурстары, техника, материалдар бірдей қолданылмайды, өнім ырғақты сатылмайды, түсім біркелкі түспейді. Мысалы, астық жинайтын комбайндар бір жылда 10-20 күн ғана, сепкіштер-5-10 күн, картоп жинайтын комбайндар – 20-30 күн ғана қолданылуы мүмкін. Бұл ерекшелікті шаруашылық қызметті талдаған кезде есепке алу керек, атап айтқанда өндірісті негізгі құралдармен, жер, еңбек және қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету және қолдану көрсеткіштері.

– Ауыл шаруашылығында өндіріс үдерісі ұзақ және жұмыс кезеңімен сәйкес келмейді. Көп көрсеткіштерді тек жыл аяғында ғана есептеуге

болады. Осыған байланысты өсімдік шаруашылығында толығырақ талдауды жыл нәтижесі бойынша ғана жасауға болады. Жыл ішінде ауыл шаруашылығы жұмыстары кезеңдері бойынша агротехникалық шаралардың жоспарының орындалуына талдау жасалынады.

– Биологиялық фактор. Еңбек құралдарының және өнімдерінің биологиялық табиғаты ең алдымен ауыл шаруашылығы ұйымдары активтерінің айналымдылығына әсер етеді, олар тәртіп бойынша басқа салаларға қарағанда ақырынырақ, мысалы негізгі және айналым құралдары құрамындағы өмірлік циклі бар тірі организмдер. Сонымен бірге өндіріске тартылған тірі организмдер шаруашылық қызметі нәтижелеріне факторлардың әсерін есептеуді күрделілендіреді. Мысалы, өсіруде және жемде тұрған малдар басында баланстың бірінші бөлімінде қысқа мерзімді активтерде көрсетіледі, ал малдарды үлкен ірі қараға ауыстырғанда баланстың екінші бөліміне ауысады, содан кейін оларды сойғанда кері қысқа мерзімді активтер тобында «Дайын өнім» бабы бойынша көрсетіледі. Айналым активтерінің мөлшері ұйымның қаржылық жағдайына үлкен әсер ететіні белгілі, сондықтан егер өндірістік цикл сатысын есепке алмаса айналым активтерін талдау нәтижелері қате болуы мүмкін, ол соңында өтімділік көрсеткіштерін бұрыс бағалауға әкеледі.

– Жер өндірістің негізгі құралы ретінде. Жер ресурстарының табиғи ерекшеліктері климаттық жағдайлармен тығыз байланысты. Негізгі қорлардың экономикалық тиімділігі және өндірістік күш-қуаты нақты белгілі басқа салаларға қарағанда жердің өнімділігін нақты есепке алуға келмейді және әр түрлі факторлардың әсерінен табиғи және экономикалық сипаты өзгереді. Жер өндіріс құралы ретінде тозып қана қоймай, уақыт ағымына байланысты егер дұрыс пайдаланса, жақсаратынын атап көрсету қажет. Басқа маңызды ерекшелігі жер өте әмбебап, өйткені онда әр түрлі өнім өндіруге болады. Нәтижесінде өндірістің әмбебаптылығы, әлсіз концентрация, көп салалық сипат, төмен деңгейдегі еңбек өнімділігі сияқты ерекшеліктегі сипатқа ие. Өсетін организмдер өмір жағдайы көбінде топырақтың сапасы мен құнарлығымен анықталады, сондықтан ұйымның қаржы-шаруашылық жағдайын талдаған кезде жер ресурстарының пайдалану тиімділігін анықтауға көңіл аудару қажет.

– Өндіріс тауарлығының төменділігі. Ауыл шаруашылығының басқа салалардан ерекшелігі онда өнімнің бір бөлігі өндіріс құралы ретінде (тұқым, жем, малдар) жеке мақсатта

қолданылады. Сондықтан сатылған өнім көлемі өндірілгеннен әлдеқайда төмен болады.

– Ауыл шаруашылығы ерекшелігін есепке ала отырып, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қызметін бағалау үшін көптеген ерекшеленетін көрсеткіштер (өнімділік (урожайность), малдың өнімділігі, сүттің майлылығы және басқалар) қолданылады. Халық шаруашылығының барлық басқа салаларында қолданылатын жалпы көрсеткіштер (өнімнің өзіндік құны, пайда, рентабельділік, қаражаттар айналымдылығы және т.б.) ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігін көрсетеді. Бұл оларды талдаудың кейбір өзгешеліктерін байқатады.

– Меншік нысандары түрлерінің және ұйымдастырушылық-құқықтық нысандардың көптүрлілігі. Ауыл шаруашылығында өнеркәсіпке қарағанда біркелкі табиғи-климат жағдайында өндірісті жүзеге асыратын кәсіпорындар көп. Сондықтан өнеркәсіп кәсіпорындарына қарағанда мұнда шаруашылықтық емес салыстырмалы талдау кеңінен қолданылады. Бұл шаруашылық қызмет нәтижелерін нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің келесі салалық ерекшелігі нарықтық-конъюнктуралық факторлар. Олар ең алдымен ұйымның, қаржы-шаруашылық қызметіне және де тәртіп бойынша олардың дамуына шектеулі әсер етеді. Оларға мыналар жатады.

– Ауыл шаруашылығы ұйымдарының қызмет етуіне әсер ететін аймақтық ерекшеліктер. Бұл факторлар ынталанырушы және де шектеуші ретінде әсер етеді. Олардың негізгілері:

- аймақтың географиялық орналасуы;
- салық салудың аймақтық жүйесі;
- аймақтың инвестициялық тартымдылығы;
- ерекше экономикалық жағдайлар (ерекше экономикалық зоналар);
- аймақтың специализациясы;
- аймақтық институциональды-инфраструктуралық объектілердің бар болуы (банктер, сақтандыру компаниялары, кеңес беруші ұйымдар және т.б.) және т.б.

Бұл ерекшеліктер ұйымның қаржы-шаруашылық жағдайын аймақтар бойынша талдау қажет екенін білдіреді.

– Ауыл шаруашылығы өнімдеріне және материалды-техникалық ресурстарға ішкі салалық бағаның диспаритетімен байланысты өнімнің төмен рентабельділігі (баға диспаритеті – бұл ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өнімдеріне баға деңгейінің арақатынасының бұзылу үдерісі).

– Ауыл шаруашылығы өнімдерін сату кезінде белгілі бір қиыншылықтарға әкеп соғатын өнімді өткізетін тұрақты каналдардың жоғы және пайданың едәуір бөлігін өздеріне алатын делдалдардың көптеп пайда болуы.

– Материалды-техникалық құралдардың үйренген каналдарын жоғалту және соның салдарынан өндіріс құралдарының жетіспеуі.

– Қалалармен салыстырғанда ауылдық жерлердің әлеуметтік инфрақұрылымы дамуының артта қалуы, сол себепті білікті мамандарды тарту мүмкіндігінің аздығы.

Жеке кәсіпорындар ауқымында, болмаса аймақта немесе облыста әр түрлі көрсеткіштер жүйесін салыстыру үшін кең база болған жағдайда жиі динамикалық қатарлар, талдамалық топтастыру, корреляциялық талдау, көпөлшемді салыстырмалы талдау әдістері қолданылады.

Шарушылық қызметтің нәтижелері көбінде өндірістің мамандану деңгейіне байланысты болады. Ауыл шаруашылығының мамандану мен концентрациясы екі тенденцияның әсерімен дамиды: бір жағынан еңбектің қоғамдық бөлінуі тар мамандануға жағдай жасаса, екінші жағынан – ауыл шаруашылығы өндірісі ерекшелігіне байланысты болады. Маусымдылық, жердің ерекше рөлі және өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының тығыз байланыстылығы кәсіпорынның көп салалы болып дамуын туындатады. Бірақ та соңғы жылдары жеке мамандандырылған шаруашылықтар саны көбейіп келеді (құс фермасы, көкөніс өсіретін шаруашылықтар, мал өсіретін және жемдейтін шаруашылықтар және т.б.).

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мамандануын сипаттайтын негізгі көрсеткіш тауарлы өнімнің құрылымы болып табылады. Қосымша көрсеткіштер ретінде егіс ауданы құрылымын, жалпы өнім, мал басы, еңбек шығынын қолдануға болады.

Өнімді өткізудің жалпы көлеміндегі үлес салмағы бойынша 2-3 ірі саланы немесе дақылды бөліп көрсетеді. Өндірістің қосымша саласының негізділігін, олардың алдыңғы қатарлы салалармен мөлшерінің келісімділігін зерделейді. Қосымша салалар жиі негізгі саланың қызмет етуі үшін қажет (мысалы, тұқым шаруашылығында ара шаруашылығын дамыту үшін). Қосымша шаруашылықтар капиталдың айналымдылығын жылдамдатады, жер ресурстары мен негізгі құралдардың пайдалану тиімділігін жоғарылатады. Мамандандырылмаған шаруашылықтарда өндірістің әмбебаптылығын байқауға

болады: бір уақытта өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіріп, сатуға болады және мұнда қайсысы басым екенін анықтау қиын.

Өндірістің мамандану деңгейін анықтау үшін мамандану коэффициентін есептейді ( $K_m$ ):

$$K_m = 100 / \sum Y_{c_n} * (2H - 1), \quad (1)$$

мұнда  $Y_{c_n}$  – тауарлық өнімнің қандай да бір түрінің оның жалпы көлеміндегі үлес салмағы;  $n$  – ранжирленген қатардағы өнімнің үлес салмағы бойынша жеке түрінің кезектік нөмірі.

Мамандану коэффициенті мәні 0 мен 1 аралығында өзгеріп отырады. Егер оның деңгейі 0,2-ден төмен болса, онда әлсіз маманданғандығын, 0,2 мен 0,6 аралығында болса-орташа, 0,6-дан жоғары болған жағдайда терең маманданғандығын білдіреді.

Маманданудың экономикалық тиімділігін бағалау үшін мамандану мен өндіріс тиімділігі көрсеткіштерін параллельді салыстыру қажет. Талдау нәтижесі бойынша өндірістің нақты жағдайын есепке ала отырып, ішкі шаруашылық мамандануды жетілдіруге бағытталған шаралар жасалады.

Шаруашылық қызметтің нәтижелеріне өндірісті интенсификациялау деңгейі үлкен әсер етеді. Ауыл шаруашылығында кеңейтілген ұдайы өндіріс экстенсивті және интенсификация жолмен жүзеге асырылатыны белгілі. Егер өндірістің жоғарылауын егістік алқапты ұлғайтумен және мал басын көбейтумен қол жеткізілсе, онда мұндай кеңейтілген ұдайы өндірістің нысанын экстенсивті деп атайды. Ал егер өндірісті дамытуға топырақты өңдеу сапасын жақсарту жолымен, тек сол алқапқа қосымша салым жасап, дақылдар мен малдың өнімділігін жоғарылатуға қол жеткізілсе, онда мұндай өндірісті жоғарылату жолын интенсификация деп атайды.

Интенсификациялау деңгейін жан-жақты зерделеу мақсатында көрсеткіштердің үш тобын қарастырады. Бірінші топқа интенсификациялау деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер жатады: негізгі және айналым қаражаттар сомасы, 100 га ауылшаруашылығы дақылдары шығындар сомасы, қосымша-1 га тыңайтқыш шығыны, энергоқамтамасыз етілуі, шаруашылықтың техникамен қамтамасыз етілуі, мелиорацияға инвестиция мөлшері және т.б.

Екінші топ көрсеткіштерін интенсификациялау нәтижесін сипаттайтын көрсеткіштер құрайды: жалпы, тауарлы өнім шығымы, 100 га ауыл шаруашылығы дақылдарына келетін таза пайда, дақылдардың өнімділігі, малдың көбеюі.

Көрсеткіштердің үшінші тобы қосымша салымды олардың нәтижесімен салыстыру негізінде анықталған интенсивтендіру тиімділігі сипаттайды: жиынтық салымның 1 теңгесіне өндіріс және сатылған өнім көлемі, өндіріс рентабельділігі, еңбек өнімділігі, қор қайтарымдылығы, тыңайтқыш ақталымдылығы және т.б.

Талдау үдерісінде зерттеліп отырған шаруашылықта аталған көрсеткіштер деңгейін, олардың динамикасын анықтап, шаруашылық аралық салыстыру жүргізу, интенсивтендіруге қол жеткізген деңгейге баға беру және өндіріс тиімділігін зерделеу қажет.

## Қорытынды

Сонымен мамандану тиімділігін анықтау үшін тәжірибеде қолданылатын әдістер мен көрсеткіштер шындығында ауыл шаруашылығы өндірісінің тек салалық ерекшеліктерінен алынған немесе күтілген эффектісін қағып ала отырып, тиімділігін сипаттайды.

Ауыл шаруашылығы мамандану тиімділігін бағалау әдістемесін ары қарай өңдеу қоғамдық, ұжымдық мүдделерді қанағаттандыруға сәйкесінше шаралардың әсері туралы ұсынысты қамтамасыз етуі тиіс.

## Әдебиеттер

- 1 Ильичев С.Н. Управленческий анализ затратообразующих показателей деятельности сельскохозяйственных предприятий и пути их оптимизации / С.Н. Ильичев // Экономические и гуманитарные науки. – 2011. – №8.
- 2 Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятий АПК: учебник – 8-е изд., испр. – М.: ИНФРА-М, 2011.
- 3 Савицкая Г.В. Комплексный анализ хозяйственной деятельности предприятия: учебник. – 6-е изд., перераб. и доп. – М.: НИЦ Инфра.-М, 2013.
- 4 Фудина А.В. и др. Анализ хозяйственной деятельности сельскохозяйственных предприятий. – М.: Агропромиздат, 1998.
- 5 Мурачева И.М., Баркулова Е.П. Проблемы сельскохозяйственного производства на современном этапе и пути их решения // Материалы международной научно-практической конференции. – Белгород, 2006.
- 6 Экономика предприятий и отраслей АПК: учебник / П.В. Лещиловский, В.Г. Гусаков, Е.И. Кивейша; под ред. П.В. Лещиловского, В.С. Тонковича, А.В. Мозоля. – 2-е изд., перераб. и доп. – Минск: БГЭУ, 2007.

## References

- 1 Il'ichev S.N. Upravlencheskij analiz zatratobrazujushhih pokazatelej dejatel'nosti sel'skohozjajstvennyh pred-prijatij i puti ih optimizacii / S.N. Il'ichev // Jekonomicheskie i gumanitarnye nauki. – 2011. – №8.
- 2 Savickaja G.V. Analiz hozjajstvennoj dejatel'nosti predprijatij APK: uchebnik – 8-e izd., ispr. – M.: INFRA-M, 2011.
- 3 Savickaja G.V. Kompleksnyj analiz hozjajstvennoj dejatel'nosti predprijatija: uchebnik. – 6-e izd., pererab. i dop. – M.: NIC Infra.-M, 2013.
- 4 Fudina A.V. i dr. Analiz hozjajstvennoj dejatel'nosti sel'skohozjajstvennyh predprijatij. – M.: Agropromizdat, 1998.
- 5 Muracheva I.M., Barkulova E.P. Problemy sel'skohozjajstvennogo proizvodstva na sovremennom jetape i puti ih reshenija // Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii. – Belgorod, 2006.
- 6 Jekonomika predprijatij i otraslej APK: uchebnik / P.V. Leshhilovskij, V.G. Gusakov, E.I. Kivejsja; pod red. P.V. Leshhilovskogo, V.S. Tonkovicha, A.V. Mozolja. – 2-e izd., pererab. i dop. – Minsk: BGJeU, 2007.